

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

10. Huang, R., Ritzhaupt, A. D., Sommer, M., Zhu, J., Stephen, A., Valle, N., . . . Li, J. (2020). The impact of gamification in educational settings on student learning outcomes: a metaanalysis. *Education Tech Research Dev*, 68, 1875-1901.

11. Жолаева М.А., Уразбаева З.О., Жүніс А.Н. Бизнес-тегі бухгалтерлік есептің ақпараттық жүйесінің тиімділігі. *Әл-Фараби атындағы ҚҰУ хабаршы экономика сериясы*. – №4(162). – 2023. – Б.164–176. <https://doi.org/10.26577/be.2023.v146.i4.014>

12. Kasurinen, J., & Knutas, A. (2018). Publication trends in gamification: A systematic mapping study. *Computer Science Review*, 27, 33-44.

13. Kimmel, P. D., Weygand, J. J., Kieso, D. E., Trenholm, B., Irvine, W. & Burnley, C. D. (2020). *Financial Accounting: Tools for Business Decision-Making*. Canada: Wiley.

14. Demirkan, H., Spohrer, J.C., & Welser, J. (2016). Digital Innovation and Strategic Transformation. *IEEE Computer Society, Guest Editors' Introduction*, 14-18

АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК САЛАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МЕН АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛДАУ

Ыбрай Әсия Ерғазықызы

assiyaybray@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

Мемлекеттік аудит кафедрасының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.О.Кайранбеков

Аңдатпа. Қазіргі заманда ақпараттық технологиялар қарқынды дамып, күннен күнге күрделене түсіп жатыр. Бұл саланың дамуы жаңа тәуекелдердің пайда болуымен қатар жүреді. Коммерциялық қатынастардың электронды жүйелерде жүргізілуі қаржылық транзакциялар, қолданушылардың жеке деректері, сауда-саттық қатынастары туралы мәліметтер сияқты құпия деректердің ақпараттық кеңістікте өңделуін білдіреді. Бұл ақпараттық кеңістік саласындағы қаржыландыруға жаңа міндеттер қойып, сыртқы және ішкі аудит қызметтеріне тарапынан қосымша бақылауды талап етеді. Мақалада ақпараттық кеңістіктегі қаржыландыру мен аудит түсініктері, олардың ерекшеліктері және Қазақстандағы ақпараттық технологиялар саласының мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: ақпараттық кеңістік, ақпараттық технологиялар аудиті, қаржыландыру, ақпараттық технологиялар аудиті қызметтері, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы, е-Үкімет, цифрлық сауаттылық.

Abstract. Nowadays, information technologies are rapidly changing and developing. At the same time, it creates new risks. Conducting commercial relations in electronic systems means processing confidential information, such as financial transactions data, users' personal data, and information on trade relations in the information space. This imposes new requirements on financing in the information space field and requires additional control by external and internal audit services. The article discusses the concepts of financing and audit in the information space, their features and problems in the information technologies field in Kazakhstan.

Key words: information space, information technologies audit, financing, IT audit services, «Digital Kazakhstan» program, e-Government, digital literacy.

Аннотация. Интенсивное развитие информационных технологий в современном мире способствуют появлению новых рисков. Ведение коммерческих отношений в электронных системах подразумевает обработку конфиденциальных данных, таких как данные о финансовых транзакциях, персональные данные пользователей, данные о торговых отношениях в информационном пространстве. Это создает новые задачи перед финансированием в сфере информационного пространства и требует дополнительного

контроля со стороны служб внешнего и внутреннего аудита. В статье рассмотрены понятия финансирования и аудита в информационном пространстве, их особенности и проблемы сферы информационных технологий в Казахстане.

Ключевые слова: информационное пространство, аудит информационных технологий, финансирование, службы аудита информационных технологий, программа «Цифровой Казахстан», е-Правительство, цифровая грамотность.

Ақпараттық кеңістік – тұрақты түрде дамытуды талап ететін, жылдам жаңаратын сала. Ақпараттық кеңістіктегі қаржыландыру мен аудитті ұйымдастыруда назар аудару керек бірнеше ерекшеліктер бар:

- Қаржыландыру көлемі. Ақпараттық кеңістік тұрақты түрде жаңартылуды қажет етеді. Әсіресе Қазақстан және Орталық Азия аймағының басқа мемлекеттерінде бұл саланың ағымдағы жағдайы үлкен жетілдірулерді талап етеді. Сондықтан бұл салаға, оны зерттеуге, IT-инфрақұрылымға едәуір қаржы инвестициялануы керек.

- Киберқауіпсіздік. Ақпараттық технологиялардың қоғамның күнделікті өміріндегі орнының жоғары жылдамдықпен ұлғаюы киберқауіптерден қорғануға жұмсалатын шығындардың көлемін де арттырады. Ақпараттық кеңістікті тәуекелдер мен қауіптерге тексеру, оларды анықтау мен алдын алу шараларына қаржы бөлу кез келген мемлекет пен жеке компанияның қызығушылығында.

- Зерттеу жұмыстары. Инновациялар ақпараттық кеңістікте маңызды рөлге ие. Компаниялар нарықтағы, мемлекеттер саяси және экономикалық сахнадағы бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру үшін IT саласында жаңа өнімдер мен технологиялардың зерттеліп, ойлап табылуына қаражат тартуы керек.

- Нормативті-құқықтық реттеулер. Дербес деректер мен оларды қорғау туралы және тағы басқа реттеуші актілер бойынша нормативті талаптардың орындалуы қосымша қаржы ресурстарын қажет етуі мүмкін.

Ақпараттық кеңістіктегі аудитке қойылатын талаптар:

1. Техникадағы сауаттылық. Ақпараттық кеңістік аудиторларының ақпараттық технологиялар, желі инфрақұрылымы мен киберқауіпсіздік саласында білімі болуы керек. Аудиторлар құпиялылық пен деректер қауіпсіздігі саласындағы қауіптер мен тәуекелдерді және олардан қорғану жүйелерінің деңгейін бағалай алуы керек.

2. Үлкен көлемдегі деректер. Ақпараттық кеңістікте талдау керек деректер көлемі үлкен жылдамдықпен артып жатыр. Яғни аудиторлық тексерістен өтетін ақпарат көлемі де артады.

3. Заңнамалар мен нормативтердің сақталуы. Ақпараттық кеңістікте аудит жүргізу үшін мамандар тек аудит және қаржылық бақылаудың халықаралық және ұлттық жалпы стандарттары мен қолданыстағы заңнамаларды ғана емес, ақпараттық технологиялар мен осы саладағы қатынастарды реттейтін заңдар мен нормативтерді меңгеру қажет. Оларға Дербес деректер және оларды қорғау туралы, Ақпараттандыру туралы ҚР Заңдары мен ҚР Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы сияқты құжаттар жатады.

Ақпараттық технологиялар аудиті - ақпараттық инфрақұрылымның тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалауға бағытталған шаралар жиынтығы[1].

Ақпараттық технологиялар аудитінің міндеттері:

1. АТ тәуекелдерін бағалау;
2. Ақпараттық жүйелердің жаңылыстарын азайтып, алдын алуға көмектесу;
3. АТ тәуекелдерін басқаруға қатысу;
4. Қатысты нормативті құжаттарды дайындауға көмектесу;
5. Мезгілді тексерулер жүргізу;
6. АТ-менеджерлерге АТ-ды басқаруды дұрыс ұйымдастыруға көмектесу.

Қазақстандық құқықта ақпараттық технологиялар аудиті саласындағы заңнамалар

жетіспейді. ҚР Ақпараттандыру туралы Заңына сәйкес:

Ақпараттық жүйенің аудиті – ақпараттық жүйені пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында оны тәуелсіз зерттеп-қарау[3].

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган – ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ақпараттық қауіпсіздік комитеті.

ҚР Ақпараттандыру туралы Заңының 50-бабына сәйкес:


1. Ақпараттық жүйелерді құру, өндіру және пайдалану кезеңінде ақпараттық жүйелердің меншік иесінің немесе иеленушісінің бастамасы бойынша ақпараттық жүйелердің аудиті жүргізілуі мүмкін.

2. Ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізуді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында арнайы білімі мен жұмыс тәжірибесі бар жеке және (немесе) заңды тұлғалар уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

Сонымен қатар, ақпараттық кеңістікте қаржыландыру мен аудит қызметтерін жүргізу үшін ҚР Киберқауіпсіздік туралы тұжырамасының негізгі қағидаттары мен ҚР Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңындағы нормалар мен ҚР Аудиторлық қызмет туралы және ҚР Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңдарындағы қағидаларды ұстану керек.

Қазақстанның ақпараттық кеңістігінің дамуында 2018-2022 жж. іске асырылған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы маңызды орынға ие.


Келесі суретте «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екпінді ынталандыру саласы бойынша 2018-2021 жж. Көрсеткіштері келтірілген.



Сурет 1. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екпінді ынталандыру саласы бойынша 2018-2021 жж. көрсеткіштері, пайызбен[4].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сәйкес, «Цифрлық Қазақстан» жобасының жұмысы барысында 2021 жылы тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру, көлік және қоймалау, ауыл, орман және балық шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі салаларындағы еңбек өнімділігі сәйкесінше 18,2%, 6,65%, 32,1% және 26,2% артты, бірақ бұл жоспарлы көрсеткіштерден, (сәйкесінше 30,4%, 16%, 62,4%, және 39,8%) төмен.


Келесі 2 суретте «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бойынша 2018-2021 жж. мемлекеттік қызметтердің жалпы көлеміндегі электронды түрде алынған мемлекеттік қызметтердің үлесі берілген.



Сурет2. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бойынша 2018-2021 жж. мемлекеттік қызметтердің жалпы көлеміндегі электронды түрде алынған мемлекеттік қызметтердің үлесі, пайызбен[4].

2018 жылдан бері электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көлемі артып жатыр. 2018 жылы бұл көрсеткіштің жоспарлы мөлшері 30%-ды құрады, алайда іс жүзінде мемлекеттік қызметтердің 81,3%-ы электронды түрде іске асырылды. 2019 жылы іс жүзіндегі көрсеткіш 78,8%-ға дейін төмендеп, 2020 жылы 85,4% дейін артқан. Ал 2021 жылы мемлекеттік қызметтердің 90%-дан астамы электронды түрде іске асырылатын болды, яғни жоспарлы 60%-дан 30,07%-ға үлкен көрсеткішке жеттік.


Келесі 3 суретте е-Үкімет индексі бойынша БҰҰ-ның 2022 ж. рейтингіндегі Қазақстанның позициясы келтірілген.



Сурет3. е-Үкімет индексі бойынша БҰҰ-ның 2022 ж. рейтингіндегі Қазақстанның позициясы[5].

2022 жылы е-Үкіметтің даму индексі бойынша рейтингте Қазақстан 193 мемлекеттің ішінде 28 орын алды. Бұл Орталық Азия елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш және посткеңестік кеңістіктегі Эстония мен Литвадан кейінгі 3 орын. Кейбір жақын және алыс шет елдермен салыстыра кетсек, бұл рейтингте Қырғызстан 81-ші, Өзбекстан 69-шы, Ресей 42-ші, Украина 46-шы, Қытай 43-ші, Әзірбайжан 83-ші, Гүржістан 60-шы, Түркия 48-ші орында.

Келесі 4 суретте 2022 жылғы желілік дайындық индексі бойынша рейтинг келтірілген.



Сурет4. 2022 жылғы желілік дайындық индексі бойынша рейтинг[6].

Желілік дайындық индексі бойынша рейтингде Қазақстан 55,46 көрсеткішімен 58 орын алды. Бұл посткеңестік елдер арасындағы Эстония, Литва, Латвия, Ресей және Украинадан кейінгі кейінгі 6 орын.

Цифрлық технологиялардың, жаңа буын компьютерлерінің және басқа да гаджеттердің таралуының тез қарқын алуының арқасында Қазақстанда 6 жастан 74 жасқа дейінгі халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі соңғы 3 жылда 4,5%-ға өсіп, 2020 жылдың қорытындысы бойынша 84,1%-ды құрады[7].

Қорытындылай келе, ақпараттық кеңістік күннен күнге күрделене түседі, бұл саладағы қаржыландыруды келесідей ерекшеліктерін есепке алу қажет: қаржыландыру көлемінің ауқымдылығы, киберқауіпсіздік, ғылыми зерттеулер және нормативті-құқықтық негіз. Ақпараттық кеңістікте аудит жүргізбес бұрын бұл салада ауқымды деректермен жұмыс істеуге дайын желі, оны жүргізе алатын цифрлық сауаттылығы жоғары кадрлар мен реттеуші нормативті құжаттарды толықтырып, дайындау қажет. Елімізде ақпараттық кеңістік саласының қаржыландырылуы мен аудитіне қатысты арнайы заңнамалар жетіспейді.

Қазақстанның ақпараттық кеңістігі дамып жатыр. Еліміздің е-Үкімет, азаматтарға электронды түрде мемлекеттік қызметтер көрсету деңгейі жоғары. АКТ саласындағы өнеркәсіптер де біртіндеп дамып жатыр. Алайда, өнеркәсіптердің ақпараттандыру арқылы еңбек өнімділігін арттыру, желілік дайындықты жоғарылату және осы саладағы қаржыландыру мен аудитке қатысты толыққанды заңнамалық негізді дайындау сияқты салалар әлі де көп жұмысты талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Для чего нужен IT аудит и что в него входит, [Электронды ресурс], URL: <https://crococ.kz/dlya-chego-nuzhen-it-audit-i-chto-v-nego-vxodit>
- 2.Вестник Московского Финансово-Юридического университета №1/2015: В.В.Иванченко, Аудит информационных технологий, [Электронды ресурс], URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/audit-informatsionnyh-tehnologiy/viewer>
- 3.Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ, [Электронды ресурс], URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>
- 4.2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын 2018-2021 жылдары іске асыру туралы есеп, [Электронды ресурс], URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/documents/details/309286?lang=kk>
- 5.БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік істер департаментінің е-Үкіметтің даму индексі бойынша рейтингі, [Электронды ресурс], URL: <https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/data-center>
- 6.2022 жылғы желілік дайындық индексі (елдер бойынша), [Электронды ресурс], URL: <https://networkreadinessindex.org/countries/>
- 7.ҚР Жоғары Аудиторлық Палатасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын аралық бағалауға және ақпараттандыру саласындағы мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген нәтижелері туралы аудиторлық қорытындысы,

[Электронды ресурс], URL:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/320509?lang=kk>

УДК .:657.1(661.1)

ТЕНДЕНЦИИ ИЗМЕНЕНИЯ БУХГАЛТЕРСКОЙ (ФИНАНСОВОЙ) ОТЧЕТНОСТИ В УЗБЕКИСТАНЕ

Эргашева Шахло Тургуновна

shahhloer@gmail.com

Ташкентский государственный экономический университет,
директор инновационного ресурсного центра, к.э.н., профессор,
профессор International School of finance technology and science

Интегрирование национальной экономики в рыночную экономику международного уровня обусловило ориентацию бухгалтерской отчетности на рекомендации международных стандартов.

В настоящее время в узбекистане происходит поэтапное реформирование системы бухгалтерского учета, цель которого - приведение национальной системы бухгалтерского учета в соответствие с требованиями международных стандартов финансовой отчетности.

Задачи реформы заключаются в том, чтобы сформировать систему стандартов учета и отчетности, которые могли бы обеспечить полезной информацией пользователей, в том числе акционеров; создать увязку реформы бухгалтерского учета в Узбекистане с основными тенденциями гармонизации стандартов на международном уровне; оказать методическую помощь организациям в понимании и внедрении реформированной модели бухгалтерского учета.

Для приведения национальной системы бухгалтерского учета в соответствие с требованиями рыночной экономики и международных стандартов финансовой отчетности реформа проводится в направлении совершенствования нормативного правового регулирования; методического обеспечения работников, ответственных за ведение бухгалтерского учета на предприятиях; подготовки квалифицированных бухгалтерских кадров; расширения международного сотрудничества; взаимодействия с национальными организациями, ответственными за разработку стандартов бухгалтерского учета.

Главная задача проводимых реформ заключается в создании приемлемых условий последовательного, рационального и успешного выполнения системой бухгалтерского учета присущих ей функций в конкретной экономической среде.

Необходимо обеспечить соответствие национальной системы бухгалтерского учета общепризнанным в мире подходам к ведению бухгалтерского учета, ввести механизм корректировки бухгалтерской отчетности в соответствии с уровнем инфляции, сформировать допустимые способы оценки имущества и обязательств, обеспечить открытость (публичность) бухгалтерской отчетности.

Для решения поставленных задач необходимо было внести соответствующие изменения и дополнения в закон республики Узбекистан «О бухгалтерском учете» (№ 404-ЗРУз от 13.04.2016 г.) и иные нормативные правовые акты; разработать порядок проведения обязательной аттестации бухгалтеров; утвердить положения по бухгалтерскому учету, соответствующие требованиям международных стандартов.

На сегодняшний день определенная доля работ уже проделана. Разработаны и утверждены 22 Национальных стандартов по бухгалтерскому учету, требования которых по ряду основополагающих моментов соответствуют требованиям МСФО; внедрен новый План счетов (утвержден НСБУ № 21 «план счетов бухгалтерского учета финансово-хозяйственной деятельности хозяйствующих субъектов и инструкция по его применению») Зарегистрирован Министерством юстиции Республики Узбекистан от 23 октября 2002 года. Регистрационный